

көшуге мәжбүр болды. Қытайға, Ресейге, Моңғолияға және Орта Азия елдеріне босып кеткен қазақтар жаңа ортаға бейімделу барысында түрлі қиыншылықтарға тап болды. Шыңжаңға көшкен қазақтар арасында өзара көмек көрсеткенімен, бұл жерде де қысым мен ауыртпашылықтар аз болмады.

Босқындық қазақ халқының әлеуметтік құрылымына үлкен зиян тигізді, көптеген әулеттердің тамыры үзіліп, ұрпақ сабақтастығы бұзылды. Саяси қуғын-сүргін 1930 жылдары ерекше қарқынмен жүргізілді. Иосиф Сталиннің “Үлкен террор” деп аталатын саясаты Кеңес Одағының барлық аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда да миллиондаған адамның өмірін қиған қасіретті кезеңге айналды. Бұл саясаттың басты мақсаты билікке қауіп төндіреді деп есептелген кез келген топты, оның ішінде ұлт зиялыларын, мәдениет және ғылым қайраткерлерін, қарапайым шаруаларды, тіпті партияның өз ішіндегі қарсыластарды да жою болды.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін әсіресе ұлт мүддесін қорғауға ұмтылған зиялы қауым өкілдеріне ауыр соққы болып тиді. Алаш қозғалысының жетекшілері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев сынды қайраткерлер “халық жауы” деген жалған айыптармен түрмеге қамалып, кейбірі атылды. Оларға “буржуазиялық ұлтшылдар”, “тәуелсіздікке ұмтылған сепаратистер” деген айыптар тағылып, Кеңес өкіметіне қарсы әрекет етті деп қорсетілді.

Әлихан Бөкейхан — Алаш Орда қозғалысының көшбасшысы, тәуелсіз қазақ мемлекетін құру идеясын қолдаған көрнекті қайраткер. Ол ұлттың саяси және экономикалық еркіндігі үшін күресті. 1937 жылы Әлихан Бөкейхан “халық жауы” деген жаламен тұтқындалып, көп ұзамай атылды. Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, ақын, ағартушы, Алаш қозғалысының жетекшісі. Ол қазақ халқының мәдени және рухани дамуына зор үлес қосты [2].

Алайда оның еңбектері Кеңес идеологиясына қарсы деп танылып, бірнеше рет қудалауға ұшырады. Ахмет Байтұрсынұлы да 1937 жылы жазықсыз атылды. Міржақып Дулатұлы — “Оян, қазақ!” шығармасының авторы, көрнекті жазушы және қоғам қайраткері. Оның шығармалары қазақ халқының әлеуметтік, саяси және мәдени мәселелерін көтерді. Міржақып Дулатұлы да “ұлтшыл” деген айыппен қуғындалып, репрессия құрбаны болды. Мағжан Жұмабаевтың тағдыры да осы кезеңнің қайғылы шындығын айқындайды. Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, ұлы ақын Мағжан “ұлтшылдық” пен “пантүркізмді насихаттады” деген жалған айыппен тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілді. Оның поэзиясы тыйым салынғанымен, қазақ халқының рухани мұрасына айналды.

Саяси қуғын-сүргін тек Алаш қайраткерлерімен шектелмеді. Қазақтың өзге де зиялылары, мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар мен жазушылар да бұл зұлматтан шет қалмады. Олар ұлттық мәдениет пен білімді дамытуға қосқан үлестері үшін Кеңес үкіметінің бақылауына алынып, кейіннен репрессияға ұшырады. Репрессияның масштабы орасан зор болды. Көптеген зиялылардың отбасылары да зардап шекті. “Халық жауларының” әйелдері мен балалары АЛЖИР сияқты лагерлерге жіберілді. Бұл лагерлерде әйелдер ауыр еңбекке жегіліп, адам төзгісіз жағдайда өмір сүрді [3].

Саяси қуғын-сүргіннің тағы бір қыры этностық топтарды күштеп қоныс аудару болды. 1937-1938 жылдары Кеңес үкіметі Қазақстанға Қиыр Шығыстан корейлерді, Кавказдан шешендер мен ингуштарды, Еділ бойынан немістерді жер аударды. Бұл халықтар өз отандарынан ажырап, жат жерде өмір сүру үшін үлкен сынақтарға тап болды. Қазақ халқы өз кезегінде депортацияланған халықтарға барынша көмек көрсетуге тырысты, бірақ бұл да олардың ауыр тағдырын жеңілдете алмады. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін де қуғын-сүргін тоқтаған жоқ. 1940-1950 жылдары Кеңес үкіметі халық арасында коммунистік идеологияны күшейту үшін зиялы қауым өкілдерін қудалауды жалғастырды.

Бұл кезеңде Ермұхан Бекмаханов сияқты ғалымдар жазаланғандардың қатарында болды. Олар ұлттық тарихты зерттегені үшін “сепаратизм” айыбымен қуғындалды. 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен қазақ босқындарының қайғылы тарихы – халқымыздың ауыр тағдырын бейнелейтін кезең. Бұл оқиғалар қазақ халқының физикалық және рухани тұрғыдан үлкен зардап шеккенін айғақтайды [4].

Аштық, қуғын-сүргін, жер аудару сияқты трагедиялар елдің даму жолына кедергі келтіріп, халықтың рухани бірлігіне терең жара салды. Осы қайғылы оқиғаларды ұмытпау, олардан сабақ алу – болашақта мұндай зұлматтарды болдырмаудың және әділеттілікті қалпына келтірудің басты шарты

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995.
2. Әбдірахманов К. Ұлттық интеллигенция және қуғын-сүргін. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.
3. Мәмбетов Қ. Қазақ даласындағы ашаршылық трагедиясы. - Алматы: Өнер, 1992.
4. Тілешов Е. ГУЛАГ: Қазақстан лагерлері. - Алматы: Рухани жаңғыру орталығы, 2017.

## **1920-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНІҢ САЛДАРЫНАН ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ**

Еренсизова А., Данақызы Д.

Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «*тап жаулары*», «*ұлтшылдар*», «*жат пікірдегілер*», «*әлеуметтік қауіпті элементтер*» деген жала жауып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И.Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» тәңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға ұласты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың кәзін жоюды қолға алды.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады.

- 1937–1938 жылдардағы «*Үлкен террор*» кезінде мыңдаған қазақ зиялысы «*халық жауы*» атанып, атылды немесе ГУЛАГ-қа жіберілді.

- *Қуғын-сүргін қазақтардың ұлттық интеллигенциясын жойып, мәдени дамуын тежеді.*

- *Репрессиялардан аман қалған қазақтар да елден кетуге мәжбүр болды.*

20-ғасырдың алғашқы жартысы Қазақстан тарихындағы ең қайғылы кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. Бұл кезеңде кеңестік билік саяси қуғын-сүргіндер жүргізіп, ұлт зиялыларын, ғалымдарды, жазушыларды, ұстаздарды, қоғам қайраткерлерін жоюды мақсат етті. Саяси қуғын-сүргіндер қазақ халқының мәдени, рухани, және демографиялық дамуына орны толмас зиян келтірді.

1930-1950 жылдар аралығында Кеңес Одағының аумағында «халық жауларын» анықтау саясаты күшейіп, мыңдаған адам жазықсыз жапа шекті. Қазақстанда бұл саясат ең алдымен алаш қозғалысының мүшелеріне бағытталды. Алаш Орда қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты ұлт зиялыларына «ұлтшыл», «кеңеске қарсы әрекет етті» деген жалған айып тағылып, олардың кәбі атылды, кейбірі лагерьлерге айдалды.

Саяси қуғын-сүргіндердің ауыр зардаптарының бірі – 1937-1938 жылдардағы жаппай репрессия болды. Бұл жылдары қазақ қоғамының ғылыми және мәдени элитасы толығымен дерлік жойылды. Ұлттық сананы қалыптастырып, тәуелсіздік идеяларын насихаттаған зиялылардың орны толмас мұрасы келешек ұрпақтан жасырынып, ұлттық даму ондаған жылдарға кейін шегерілді.

Сонымен қатар, саяси қуғын-сүргін жылдарында Қазақстан аумағында ГУЛАГ лагерьлерінің желісі құрылды. Солардың бірі – "АЛЖИР" (Отанына опасыздық жасағандардың әйелдері лагерьі) лагерьі, онда саяси тұтқындардың әйелдері мен балалары адам тәзгісіз жағдайда өмір сүрді. Мыңдаған жазықсыз адам ауыр еңбектің, аштықтың, аурудың құрбаны болды.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің халыққа тигізген зардаптарын ашаршылық саясаты да күшейтті. 1930-1933 жылдардағы ашаршылық қазақ халқын демографиялық апатқа ұшыратты. Миллиондаған адам аштықтан қаза тауып, тірі қалғандары туған жерін тастап кәшуге мәжбүр болды. Бұл қазақ халқының санының күрт азаюына, ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттің әлсіреуіне алып келді.

Босқындардың тағдыры – бұл қазіргі заманның ең әзекті әрі ауыр тақырыптарының бірі. Өлемде әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, саяси қудалаулар және әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар салдарынан үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған миллиондаған адам бар. Босқындар тек қауіпсіздік пен өмір сүруге мүмкіндік іздеп, отанынан алыстап, жаңа елдерде өмір сүрудің қиындықтарына тап болады.

Босқындардың пайда болуының бірнеше негізгі себептері бар:

#### *1. Соғыс пен әскери қақтығыстар*

Өлемнің көптеген елдерінде әскери жанжалдар адамдардың бейбіт өмірін бұзып, олардың үйлерін тастап кетуге мәжбүр етеді. Сирия, Ауғанстан, Йемен сияқты елдерде қақтығыстар салдарынан миллиондаған адам босқын болды.

#### *2. Саяси қудалау*

Кейбір адамдар өз елдеріндегі саяси немесе діни көзқарастары үшін қудалауға ұшырайды. Бұл оларды басқа мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүрлейді.

#### *3. Экологиялық проблемалар*

Табиғи апаттар, климаттық өзгерістер және жердің құнарсыздануы кейбір аймақтарда өмір сүруді мүмкін етпейді. Мысалы, су тапшылығы немесе жер сілкіністері көптеген адамдарды босқынға айналдырады.

Босқындардың өміріндегі қиындықтар:

Босқындардың тағдыры кәптеген сынақтармен байланысты. Олар жаңа жерлерде әмір сүру үшін құқықтық, экономикалық, және мәдени кедергілерге тап болады:

- *Құқықтық қиындықтар*: Босқын мәртебесін алу ұзақ және күрделі процесс. Кәптеген адамдардың заңды құжаттары болмағандықтан, олар ресми кәмек ала алмайды.

- *Экономикалық қиындықтар*: Жұмысқа орналасу босқындар үшін үлкен проблема. Олар көбінесе төмен жалақыға жұмыс істеуге мәжбүр болады.

- *Мәдени және тілдік тосқауылдар*: Босқындар барған елдеріндегі тіл мен мәдениетті білмегендіктен, қоғамға бейімделу қиынға түседі.

- *Әлеуметтік мәселелер*: Босқындар дискриминацияға және теріс кәзқарастарға жиі ұшырайды.

Компартияның 1927 жылы өткен XV съезі ауылшаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Осылайша «эркениетті кооператорлар қоғамын» құру идеясы КСРО-дағы социализм құрылысының құрамдас бөлігіне айналды. Ауылда кооперативтік қозғалыстың дамуы барысында шаруаларды кооперативтендірудің жоғары формаларына кезен-кезеңмен өту ұстанымдары жарияланды. Оны бір жағынан мемлекеттің қарамағына алынған жерлерде совхоздар (кеңшарлар), МТС-тер (машина-трактор стансалары), екінші жағынан колхоздар (ұжымшарлар) құру арқылы шешу кәзделді.

Қазақстанның астықты аудандарында колхоз құрылысының негізгі формасы – ауылшаруашылық артелі, ал малшаруашылығымен айналысатын аудандарында жерді бірлесіп әңдеу мен шәп шабу жәніндегі серіктестік болуы тиіс еді. Онда жарғы бойынша мал қоғамдастырылмай, тек жеке мал мен құрал-жабдықтарды пайдалануға ақы төленуі керек болды.

1928 жылдың маусым айында болып өткен колхозшылардың Бүкілодақтық I съезі жоғарыдағы сталиншілдер бағытына жол ашып, ауылшаруашылығын жаппай ұжымдастыру жолымен әміршіл-әкімшіл басқару арнасына түсіріп, жекеменшіктің орнына қоғамдық меншікті орнықтыруға күш салды.

Осының нәтижесінде Қазақстандағы колхоз қозғалысы едәуір екпін алды. 1929 жылдың I қазанында Қазақстанда 117,7 мың жеке шаруашылық ұжымдастырылды. Келесі қараша айында өткен БК(б)П ОК-нің пленумы осы жұмыстарды қорытындылап, жекелеген облыстар алдына жаппай ұжымдастыру міндетін қойды.

Бұл міндетті шешу жолдарын белгілеу үшін ОК-тің Саяси Бюросы арнайы комиссия ұйымдастырды. Оның құрамына Қазақстаннан Ф.И. Голощекин кірді.

Осы комиссия дайындаған жоба Саяси Бюро мәжілісінде қаралып, соның негізінде БК(б)П ОК 1930 жылғы 5 қаңтарда «Коллективтендірудің қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына кәмек беру шаралары туралы» қаулы қабылдады.

Онда Қазақстан коллективтендіруді 1931 жылдың күзінде немесе 1932 жылдың кәктемінде аяқтауы тиіс болып белгіленді. Бірақ Қазақ әлкелік партия комитеті 1929 жылдың желтоқсан айында-ақ ұжымдастыруды егіншілік аудандарда ғана емес, малшаруашылығымен айналысатын аудандарда да жеделдетуге нұсқау беріп қойған еді.

Жаппай коллективтендіру науқаны басталардан бұрын 1926-1928 жылдары Қазақстанда «Кіші Қазан» науқанын, яғни ауылды кеңестендіруді, шабындық және жайылымдық жерлерді қайта бәлуді, мал тәркілеуді қатыгездікпен белсеңді жүзеге асырған Қазақ әлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Голощекин жаппай ұжымдастыруда да Қазақстанға тән әлкелік ерекшеліктерді ескермеді.

Бүкіл Одақтағы барлық кәшпелі және жартылай кәшпелі шаруашылықтың 80 пайызға жуығы (4236 мың адамды біріктіретін 706 мың жеке, ұсақ шаруашылық) Қазақстанда болатын. Ұжымдастыру үшін оларды алдымен жерге орналастыру және жаппай отырықшыландыру керек еді. Бұл екі күрделі процесс (отырықшыландыру мен ұжымдастыру) шұғыл түрде және қатар жүргізілді.

1928 жылы Қазақстандағы барлық қожалықтың 2%-ы ұжымдастырылған болатын. Ал 1930 жылдың I сәуіріне қараған тұста ұжымдастыру кәрсеткіші 50%-ға, қазанда 65%-ға жетті.

1930 жылғы I қаңтар мен I наурыз аралығында ғана ұжымдастырылған шаруа шаруашылықтарының саны бұрынғыдан екі есе асып кетті.

Қазақстан басшылығы отырықшыландыру процесін ғасырлар бойы қалыптасқан кәшпелі малшаруашылығына, ұлттық салт-дәстүрлерге қарсы қойды.

Қазақстан Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1928 жылы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет шығарды. Жаппай ұжымдастыру кезінде байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты да жағдайды одан әрі ауырлата түсті. Осындай қатал шаралар және ет, астық дайындау науқандарындағы асырасілтеушілік, қазақты дәстүрлі даму жолынан күшпен тайдыру әрекеті халықтың жаппай қарулы наразылықтарын туғызды.

Ресми мәліметтер бойынша 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас кәтеруі болды. Тоталитарлық жүйе бұл кәгерілістерді аяусыз, әскер күшімен басып отырды.

Кәшпелі және жартылай кәшпелі шаруаларды зорлап отырықшыландыру жоспары алғашқы бесжылдықта (1932 жылдың соңына дейін) сәтсіздікке ұшырады. Қазақстанда 400 мыңның орнына 70,5 мың шаруа қожалығы ғана отырықшыланды.

1933 жылдың I шілдесінде Қазақстан шаруашылықтарының 67,3 пайызы, ал 1937 жылдың I шілдесінде 97,5 пайызы ұжымдастырылды. Күштеп ұжымдастырудың және жоспарлы түрде жаппай отырықшыландырудың зардаптары өте ауыр болды. Қазақ халқы бәрінен кәп зардап шекті.

Ұжымдастыру қарсаңында республикада 40,5 млн. мал басы болса, 1933 жылғы 1 қаңтарда небәрі 4,5 млн. ғана мал қалған еді. Мұның соңы қазақ халқының ашаршылыққа және жаппай босқыншылыққа ұшырауына ұрындырды. 1929-1933 жылдары миллионға жуық адам Қазақстаннан ауып, Қытайға, Ауғанстанға, Иранға және т.б. елдерге кәшіп кетті. Олардың 600 мыңы тарихи отанына оралмады. Аштық құрбандары болғандардың саны 1798,4 мың адам болып, сол кездегі қазақтың 46,8 пайызын құрады.

1932 жылғы шілдеде республика қайраткерлерінің бір тобы – Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев аштық және оның себептері туралы БК(б)П әлкелік комитетіне, тікелей Ф. Голощекинге ашық хат жазды. Бұл хат тарихта «Бесеудің хаты» деп аталды.

1931-1933 жылдар аралығында орын алған ашаршылық қазақ халқының тарихындағы ең қаралы кезеңдердің бірі болды. Кеңес Одағының ұжымдастыру саясаты ұлттық шаруашылықты күйретіп, миллиондаған адамның өмірін қиды. Бұл зұлматтың себептері – жоспарсыз реформалар, күштеп тәркілеу, биліктің қаталдығы және азық-түлікке деген шектен тыс талаптар.

Ұжымдастыру аясында қазақ халқының дәстүрлі кәшпелі және жартылай кәшпелі шаруашылығы жойылды. Малдың жаппай тәркіленуі елді негізгі күнкәріс кәзінен айырды. 1928 жылы Қазақстанда 40 миллион бас мал болса, 1933 жылы олардың саны 4 миллионға дейін азайды. Халық өз малын беріп қана қоймай, биліктің шектен шыққан салықтары мен азық-түлік жинау науқандарынан зардап шекті. Ауылдардан жиналған астық пен мал Мәскеуге жәнелтілсе де, жергілікті халық аштыққа душар болды.

Ашаршылықтың ауқымы орасан зор еді. Шамамен 2 миллионға жуық қазақ, яғни халықтың 40%-ы аштықтан қаза тапты. Бұл қазақтардың демографиялық құрамы мен ұрпақ жалғастығына үлкен соққы болып тиді. Мыңдаған отбасы туған жерін тастап, аман қалу үшін Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Ресейге кәшуге мәжбүр болды. Алайда бұл босқындардың кәбісі жаңа жерлерде де қиыншылықтарға тап болып, аштық пен аурудан кәз жұмды.

Ашаршылық тек адамдардың өмірін ғана емес, қазақтың ұлттық болмысы мен мәдениетін де күйретті. Тарихи ескерткіштер, дәстүрлер мен тіл ұрпақтан ұрпаққа берілмей, кәптеген құндылықтар жойылды. Қоғамдық құрылым мен әлеуметтік қатынастар бұзылып, қазақ даласы бос қалған ауылдар мен қаңыраған мекендерге айналды.

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мен ұжымдастыру науқандары Қазақстанды ауыр әлеуметтік, экономикалық және мәдени апатқа ұшыратты. Билік жүргізген саясаттың салдарынан миллиондаған қазақ аштыққа, қуғын-сүргінге және қудалауға тап болды. Осы жылдары мыңдаған қазақ туған жерін тастап, кәрші елдерге босқын ретінде кәшуге мәжбүр болды. Бұл процесс ұлттық болмысқа орны толмас зиян келтірді.

Әлеуметтік салдары:

*1. Халықтың жаппай көшуі*

- Аштық пен қуғын-сүргіннен аман қалу үшін қазақтар Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия және Ресейге кәшті.

- Босқындардың кәпшілігі жаңа елдерде ауыр еңбекке жегіліп, жергілікті халықтан шеттетілді.

*2. Отбасының ыдырауы*

- Қуғын-сүргін салдарынан кәптеген қазақ отбасылары ажырап, туған жерінен алыста бәлініп қалды. Әкелер мен ағалар қудаланып, аналары мен балалары тіршілік ету үшін күресуге мәжбүр болды.

*3. Әлеуметтік теңсіздік*

- Жаңа елдерге кәшкен босқындар кәбінесе тұрмысы төмен топқа айналды. Олар білім алуға, медициналық көмекке және әлеуметтік қолдауға қол жеткізе алмады.

*4. Психологиялық жарақаттар*

- Өз жерінен айрылған халық рухани күйзеліске ұшырады. Босқындықтың ауырлығы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың әзіндік санасы мен болашағына кері әсер етті.

Мәдени салдары:

*1. Ұлттық дәстүрлердің әлсіреуі*

- Қазақтар әздерінің туған жерлерінде қалыптасқан салт-дәстүрлерінен айырылды. Жаңа ортада мәдени сәйкестікті сақтау қиынға соқты.

- Ұлттық киім, әнер, музыка және тағам дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа берілмей, кәптеген құндылықтар жойылды.

*2. Тілдің жоғалуы*

- Қазақ тілін сақтап қалу мүмкіндігі шектелді. Босқындар әздері барған елдердің тілін меңгеруге мәжбүр болып, туған тілдерін ұмыту қаупі туды.

*3. Мәдени тұлғалардың жоғалуы*

- Қуғын-сүргін кезінде қазақтың кәптеген зиялылары мен әнер қайраткерлері қудаланып, олардың шығармашылық мұралары тоқтап қалды.

- Ұлтты дамытуға үлес қосуы мүмкін мәдениет қайраткерлерінің тағдыры қиылды.

*4. Ұлттық болмыстың өзгеруі*

- Өзге елдерге қоныс аударған қазақтардың мәдениеті ассимиляцияға ұшырады. Олардың ұлттық ерекшеліктері өзге халықтардың мәдениетіне сіңісіп кетті.

1920-1950 жылдары орын алған саяси қуғын-сүргін мен босқындықтың қазақ халқы үшін салдары бүгінгі күнге дейін сезіліп келеді. Сол кезеңдегі қасіретті оқиғалар ұлттың демографиялық құрылымына, мәдениетіне және рухани әміріне терең із қалдырды. Ашаршылық пен қуғын-сүргін салдарынан миллиондаған қазақтың әмірі қиылып, жүз мыңдаған адам туған жерін тастап, кәрші елдерге босып кетті. Бүгінгі таңда сол босқындардың ұрпақтары Қытай, Ресей, Моңғолия, Түркия және Өзбекстан сияқты елдерде әмір сүріп жатыр. Бұл қазақ диаспораларының қалыптасуына негіз болды, бірақ олардың ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуы қиындық тудырды.

Бүгінгі күні бұл тарихи кезеңнің қасіреті қайта зерттеліп, қуғын-сүргін құрбандарының есімдері ақталуда. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кәптеген архив құжаттары ашылып, бұрын белгісіз болған деректер жарияланды. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамырда елде түрлі шаралар ұйымдастырылып, осы трагедияның құрбандары ұлықталады. Сонымен қатар, шетелдегі қазақ диаспораларын қолдау, олардың ұлттық мәдениеті мен тілін сақтау үшін мемлекет «Отандастар қоры» арқылы маңызды жұмыстар атқарауда.

Қуғын-сүргін қазақ халқының мәдениетіне де зор әсер етті. Кәптеген зиялылар мен әнер қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырап, ұлттық рухани мұраның бір бөлігі жойылды. Алайда, олардың еңбектері мен мұралары тәуелсіздік жылдары қайта жаңғыртылуда. Бұл тек ұлт үшін рухани жаңғыру ғана емес, тарихтан алынған маңызды сабақ. Бүгінгі қазақ қоғамы осы қасіретті оқиғаларды еске алып, тәуелсіздікті, бірлік пен бейбітшілікті жоғары бағалайды. Бұл тарихи кезеңнің ауыр сабақтары болашақта ұлттың бірлігі мен тұрақтылығын сақтауға жол ашады.

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін қазақ халқының санасында әшпес жара қалдырды. Жүз мыңдаған адам туған жерінен айрылып, аман қалу үшін босқынға айналды. Туған елінен алыстаған қазақтар ұлттық болмысы мен мәдениетін сақтап қалу үшін күресіп, басқа халықтар арасында әмір сүруге мәжбүр болды. Олардың тағдыры – биліктің әділетсіздігі мен тоталитарлық жүйенің зұлымдығының айқын кәрінісі.

Бүгінгі таңда бұл қасірет ұмытылмауы тиіс. Бұл тарихтан алынған маңызды сабақ бізге бейбітшілік пен бірліктің құндылығын түсіндіріп, тәуелсіздігіміздің қадірін білуге үйретеді. Қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін ақтап, олардың аманат еткен мұрасын сақтау – ұлттық рухымыздың тірегі. Босқынға айналған қазақтардың ұрпақтары бүгінде ел тәуелсіздігінің символы ретінде қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып, ел мен жердің бірлігін нығайтуда.

Бұл трагедияның мұрасы бізді тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге, ұлт бірлігін сақтауға және келешек ұрпаққа мұндай қасіретті болдырмау үшін жауапкершілік алуға үндейді. Ұмытпау – ұлттың тірі екенін кәрсететін басты белгі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаштың ардағы:(елтанымдық және тілтанымдық жинақ). Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. - Астана:"Руханият", 2010. - 264 бет.
2. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы». – Алматы: «Санат», 1995.
3. Әбілқожин Ж.Б. «Кеңестік дәуірдегі Қазақстан шаруашылығының тарихы» – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1997.
4. Алдажұманов Қ.С. «1930 жылдардағы ашаршылық: себебі мен салдары» – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2003.

## **1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРЛІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ САЯСИ НАУҚАНДАР МЕН АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАЗАЛАУ ӘРЕКЕТТЕРІ**

Усенов А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., аға оқытушы Малаев Д.Б.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[adilbekusenov6@gmail.com](mailto:adilbekusenov6@gmail.com)  
Қарағанды қ.

1920-1930 жылдары Қазақстан тарихында зорлық-зомбылыққа толы ауыр кезеңдердің бірі болды. Кеңес үкіметі жаңа социалистік қоғам құру жолында елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылымын түбегейлі өзгертуге бағытталған реформаларды жүзеге асырды. Бұл реформалар қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылық жүйесін, мәдениеті мен ұлттық бірегейлігін күйретуге бағытталды. Әсіресе ұжымдастыру, байларды тәркілеу, жаппай ашаршылық және саяси репрессиялар халықтың тағдырына орны толмас қайғы-қасірет әкелді.

Кеңес билігінің күштеп жүзеге асырған экономикалық және саяси реформаларының салдары өте ауыр болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру халықтың негізгі күнкөріс көзі саналатын мал шаруашылығының жойылуына алып келді. Ал бай-манаптарды тап ретінде жою және «халық жауларын» анықтау мақсатында